

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, "Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 15 ақпандағы қаулысына қатысты өтініштері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қосымша қаулысы 2002 жылғы 12 сәуір N 1/2. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 1 Нормативтік қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008.02.07. N 1 Нормативтік қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов, А.К.Котов және Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының төрағасы С.І.Райымбаевтың;

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары Ә.Т.Жүкеновтің қ а т ы с у ы м е н ,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, "Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 13-бабы 2-тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 15 ақпандағы S020001\_ қаулысын түсіндіріп беру туралы" және Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру жөніндегі өтініші бойынша қосымша қаулы шығару туралы" өтініштерін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп, баяндамашы Конституциялық Кеңестің мүшесі А.К.Котовтың баяндамасын, қарауға қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны а н ы қ т а д ы :

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2002 жылғы 5 наурызда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Бас прокурорының өтініштері келіп түсіп, олардың ортақ нысаны - Конституциялық Кеңестің бұдан бұрын қабылданған "Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-

тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру туралы" S020001\_ қаулысының кейбір ережелерін түсіндіріп беру жөнінде өтініш білдіру болып т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Бас прокуратурасының өкілдері Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өтініші бойынша конституциялық іс жүргізуге қатысып, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 15 ақпандағы жоғарыда аталған қаулысы соның нәтижесі болатын. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737\_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 35-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сай, конституциялық іс жүргізуге қатысушылар Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қорытынды шешіміндегі ережелерді түсіндіріп беру жөнінде Конституциялық Кеңеске өтініш бере алады .

Бұл орайда, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737\_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 35-бабы 2-тармағына сай, қосымша шешім бұдан бұрынғы қаулының шынайы мазмұнына, мағынасы мен мақсатына қайшы к е л м е у г е т и і с .

Кеңес, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737\_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 26-бабы 2-тармағына сәйкес, бір-бірімен өзара байланысты өтініштерді біріктіріп, қарауға қабылдады.

Конституциялық Кеңес, өтініштерде қойылған мәселелер мен келтірілген уәждерді талдай келе, мұнда іс жүзінде, қолданыстағы азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңдарын (АК-тің K941000\_ 158 және 159-баптарын, АІЖК-тің K990411\_ 153, 247 және 249-баптарын) конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың өздері қалай түсінсе, Кеңестің құқықтық позициясын да солай өзгерту жөніндегі өтініштері баяндалады деп тапты. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өтініші бойынша қабылданған Конституциялық Кеңес қаулысының шеңберінен шығатын мәселелер қойылады.

Бірінші жағдайда, Жоғарғы Соттың өтінішіне сай, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің K941000\_ 158 және 159-баптарын, Азаматтық іс жүргізу кодексінің K990411\_ 153, 247 және 249-баптарын, аралық соттардың шешімдерін мемлекеттің тануы және мәжбүрлеп орындауы қатынастарын құқықтық реттеуді толықтыру және өзгерту мақсатында түсіндіру көзделеді. Екінші жағдайда, Бас прокурордың өтініші бойынша, Азаматтық іс жүргізу кодексінің 249-бабы 5) тармақшасын конституциялық емес деп тану ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өз тарапынан, Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 15 ақпандағы қаулысының дәлелдеме бөлігіндегі, Азаматтық іс жүргізу кодексінің К990411\_ 249-бабы 5) тармақшасына қатысты ережені Конституциялық Кеңес қалай түсінетіндігін түсіндіріп беру туралы мәселе қ о я д ы .

Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 15 ақпандағы қаулысын қолдануда қиыншылық болу ықтималдығына байланысты, Бас прокурор, сондай-ақ оның қолданылу аясы, атап айтқанда, өзінің халықаралық шарттарына орай, Қазақстан Республикасы таныған халықаралық немесе шетелдік арбитраждардың дауларға қатысты шешімдері болған жағдайда, оның қолданылу аясы жөнінде мәселе қ о я д ы .

Конституциялық Кеңес конституциялық іс жүргізу барысында және 2002 жылғы 15 ақпандағы қорытынды қаулыда, аралық соттардың қызметін құқықтық реттеудің көлемі мен мағынасын өзгерту де, сондай-ақ олардың шешімдерін мемлекеттің мәжбүрлеп орындауы туралы мәселеде заң шығарушының қарау аясына жататынына және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құзырына кірмейтініне ерекше назар аударған болатын. Азаматтық К941000\_ және Азаматтық іс жүргізу К990411\_ кодекстерінің қолданыстағы нормаларымен белгіленген, Қазақстанның ішіндегі мүліктік дауларды аралық соттардың қарауы мен шешуіне берудің негіздері мен тәртібі, Конституциялық Кеңестің қосымша қаулыда түсіндірме беруіне жатпайды, оларды тек Қазақстан Республикасының Парламенті ғана, Конституциямен және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Z980213\_ Заңмен көзделген тәртіппен өзгерте алады.

Конституциялық Кеңес, Бас прокурордың Азаматтық іс жүргізу кодексінің К990411\_ 249-бабы 5) тармақшасын Конституцияға К951000\_ сәйкес емес деп тану жөніндегі өтінішін де қанағаттандыра алмайды. Қазақстан Республикасы Конституциясы 72-бабының 2-тармағына және 78-бабына сәйкес, Конституциялық Кеңес күшіне енгізілген заңдардың конституциялылығын соттардың өтініштері бойынша және Конституцияның 78-бабымен көзделген р е т т е р д е қ а р а й д ы .

Одан тыс, Жоғарғы Сот пен Бас прокурордың өтініштерінде Конституциялық Кеңестің алдына, екі өтініште де табылып тұрған, құқықтар мен бостандықтардың сот арқылы қорғалу құқығы туралы Конституцияның К951000 \_ 13-бабы 2-тармағын түсіндіру кезінде, 2002 жылғы 15 ақпандағы қаулыдағы " әркім" ұғымының субъектілігіне қатысты әртүрлі оқылуын анықтап беру жөнінде мәселе қойылады. Бұл орайда Жоғарғы Сот пен Бас прокурор, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өтініші бойынша қабылданған Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 15 ақпандағы N 1 қаулысы мен Қостанай

облыстық сотының өтініші бойынша қабылданған 2000 жылғы 16 ақпандағы N 1/2 S000001\_ қаулысының арасында бұл бөлігінде қайшылық туындайды деп п а й ы м д а й д ы .

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Бас прокурорының уәждерін қарап шығып, Конституциялық Кеңес мынаны түсіндіреді. Кеңес, 2000 жылғы 16 ақпандағы N 1/2 S000001\_ қаулының дәлелдеме бөлігінде, Конституцияның K951000\_ 78-бабында соттардың Конституциялық Кеңеске жүгіну нысанын, сондай-ақ негіздері мен тәртібін белгілеу үшін пайдаланылатын "адам" және " азамат" ұғымдарын қолданады. Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 16 ақпандағы N 1/2 қаулысының дәлелдеме бөлігінің ережесін Конституцияның 13-бабы 2-тармағына, оның үстіне бүкіл екінші бөліміне көшіру, қисындылық тұрғысынан дәрменсіз әрі негізсіз болып табылады.

Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 15 ақпандағы N 1 S020001\_ және 2000 жылғы 16 ақпандағы N 1/2 S000001\_ қаулылары бір-біріне қайшы келмейді. Тиісті субъектілердің Конституциялық Кеңеске жүгінуі үшін олардың әртүрлі себептері болатын. Бір жағдайда - Конституцияның бір-біріне сәйкес келетін нормаларын ресми түсіндіру, ал екінші жағдайда болса - шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы "Экономикалық дауларды шешуге арналған аралық сот туралы үлгі ережені" P930356\_ конституциялық емес деп т а н у .

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737\_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 35-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Конституциялық Кеңестің 2002 жылғы 15 ақпандағы қаулысындағы " азаматтар мен заңды тұлғалар" деген терминологиялық тіркес, "азаматтық құқық қатынастарына қатысушылар" деген мағынасында пайдаланылады, деп түсіндірілсін.

2. Конституциялық Кеңес, жоғарыда аталған, Азаматтық іс жүргізу кодексінің K990411\_ 249-бабы 5) тармақшасы туралы сөз болатын қаулының дәлелдеме бөлігінде, дауды аралық соттың шешуіне беру туралы шарт жасасқан, азаматтық құқық қатынастарына қатысушылар үшін мемлекеттік сотқа жүгінудің осы нормасымен белгіленген тәртібін көздегені атап өтілсін.

3. "Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 15 ақпандағы N 1 S020001\_ қаулысының қолданылу аясына, халықаралық және шетелдік арбитраждардың шешімдерін тану және орындау қатынастары жатпайды, олар үшін мұндай тәртіп

Қазақстан Республикасының заңымен немесе бекітілген халықаралық шарттарымен өзара келісім негізінде көзделген.

4. Осы қаулы түпкілікті және Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 73-бабы 4-тармағымен көзделген жағдайды ескеріп, шағымдануға ж а т п а й д ы .

Конституциялық Кеңестің қорытынды шешіміне сол бәз-бір конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың қайтара өтініш беруі заңмен көзделмеген.

Конституциялық Кеңестің қорытынды қаулысы оның негізгі қаулысының мазмұны мен мақсатынан бөліп алғысыз және онымен бір мезгілде қолданылады.

5. Осы қаулы "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Жаршысында" жариялансын.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы*  
*К о н с т и т у ц и я л ы қ            К е ñ е с і н і ñ*

*Төрағасы*